

ҚУЫРШАҚ пен МӘШИНЕ ОЙЫНДАРЫ

ЕР ЖӘНЕ ӘЙЕЛ АДАМ АРАСЫНДАҒЫ
МІНДЕТТЕРДІ ШАТАСТЫРЫП АЛМАУ
ЖОЛДАРЫ



ҚУЫРШАҚ пен МӘШИНЕ ОЙЫНДАРЫ

Ер және әйел адам арасындағы
міндеттерді шатастырып алмау
жолдары

Безендірген
Сапаров Мухтар



Астана
2023

УДК 159.9
ББК 88.1
Н 27

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық
психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған*

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А.

**Қуыршақ пен мәшине ойындары. Ер және әйел адам арасындағы міндеттерді
шатастырып алмау жолдары. – Астана «Bilim Foundation» КҚ, 2023. – 30 б.**

ISBN 978-601-7638-26-9

«Қуыршақ және мәшине ойындары. Ер және әйел адам арасындағы міндеттерді шатастырып алмау жолдары» кітабында жасөспірімдік кезеңдегі қыз балаға тән нәзіктік пен ұл балаға тән ерлік түсініктері карастырылған. Қоғамдағы рөлдік модельдердің қалыптасуына қыздардың қуыршақпен, ұлдардың мәшинелермен ойнауының әсері сипатталған.

Кітап жасөспірімдерге және олардың ата-аналарына арналған. Қосымша тәжірибелік нұсқаулық ретінде мектеп психологы қолдана алады.

УДК 159.9
ББК 88.1
Н 27

ISBN 978-601-7638-26-9

© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры

Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.



***Есею - бұл жайсыздық, немқұрайлылық емес, керісінше өзіңді
тұлға ретінде түсіну, өзіңнің қалауыңды және айтқандарың
үшін жауапкершілік таныту.***


Глеб Самойлов

Жастық шақ - даналықты игеретін уақыт.

Жан-Жак Руссо

***Өмір сүру дегеніміз - өзгеру, өзгеру - есеюдi дегенді білдіреді, ал
есею дегеніміз – өз болмысыңның жасапмазына айналу.***

Анри Бергсон





МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман!	7
Бұл еркектің ісі емес.....	8
Психолог жазбалары.....	11
Бұл қалыпты ма?.....	12
Психолог жазбалары.....	17
Жауапкершілік.....	19
Психологтың жазбалары.....	25
Бұл саған қажет болар	27
Ата-аналар мен қамқоршылар назарына.....	28
Авторлар мен безендіруші туралы.....	29

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ұлдар мен қыздар арасындағы айырмашылықтар мектепке дейінгі жаста байқалады, олар ересектердің өзіне тиесілі жынысқа сәйкес өзін-өзі ұстау талаптарына негізделген.

Талаптар ойын барысында (мысалы, қыздар қуыршақпен ойнайды), мінез-құлықта (мысалы, ұлдар жыламайды), киімде (мысалы, қыздар көйлек киеді, ал ұлдар жоқ), өзара қарым-қатынас ерекшеліктерінде (мысалы, қыздарды көбірек еркелету керек) және қызығушылығында (күрес тек ер балалаға арналған) көрінуі мүмкін. Алайда жыныстық сәйкестендіру дамудың жасөспірімдік шағына сәйкес келеді.

Осы қарқынды даму кезінде жыныстық айырмашылықтар ересектердің талаптарына ғана емес, құндылықтарға, мүдделерге, физикалық айырмашылықтарға да негізделі бастайды, мінез-құлық эталондары, шектеулер мен жеке-дара ерекшеліктер қалыптаса бастайды.

Сенің қызығушылықтарың, талғамдарың мен қалауың қалай өзгергенін байқаған боларсың, мүмкін өмірде сен біреуге ұқсағың келетін, үлгі алуға тырысатын адамдар пайда болған шығар.

Ұлдар мен қыздар арасындағы айырмашылықтар – бұл біздің табиғатымызға тән, біз бірдей бола алмаймыз, біз физикалық және психологиялық жағынан әртүрліміз, тарих, мәдениет, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтар бізге одан әрі ерлер мен әйелдер, адам мен қоршаған әлем арасындағы өзара байланыстағы ерекшелікке айналатын айырмашылықтардың болуына әкеледі.

Сен есейіп келесің, қоршаған орта да өзгереді, бірнеше жыл ішінде жыныстық айырмашылықтар айқындала бастайды, осыған байланысты мінез-құлықты, қарым-қатынасты және ұстанымды өзгертуге мәжбүр ететін жаңа қоғамдық орта пайда болады.


Қарым-қатынастағы сенің «жаңа» ұстанымыңды анықтау бірқатар шынайы себептерге байланысты, кез келген жағдайда қыздарға, ұлдарға, әйелдерге, ерлерге және өзіңе деген қатынасты бірден анықтау өте қиын болуы мүмкін.

Сондықтан да біз сенің құрдастарыңның мысалы негізінде осы кітапта келтірілген әңгімелерден өзіңнің қалыптасуыңа және жыныстық сәйкестендіруге көмектесетін жаңа тәжірибені игеруге көмектесеміз. Сен «басқа» деңгейдегі өзара қарым-қатынастың маңызды аспектілерін ашасың және қабылдай алатын жаңа құндылықтар туралы біле аласың деп үміттенеміз.

БҰЛ ЕРКЕКТИҢ ІСІ ЕМЕС

Мен кішкентай болған кезім есімде жақсы сақталған, жиі көшеде қыздармен ойнайтынмын және де кішкентай қарындасым да әрдайым маған жақын болатын. Бастауыш мектепте оқыған кезде барлық қыздар мен ұлдар бір-бірімен тең дәрежеде ойнайтын. Бірақ орта сыныпқа ауысқаннан кейін бәрі өзгерген сияқты.

Қыздар қыздармен, ал ұлдар тек қана ұлдармен көбірек сөйлесе бастады.



Бірте-бірте біздің қызығушылықтарымыз да өзгереді. Қыздарға дайындау, макияж жасау, сурет салу және басқа да шығармашылық заттармен айналысу өте қызықты болды, ал ұлдар негізінен мәшинелердің түрлі үлгілерін, сондай-ақ компьютерлер мен телефондардың түрлері бойынша техниканы талқылады.

Сонымен бірге біз еңбек сабақтарын жеке-жеке өтуді бастадық: ұлдар күйдіріп, ағаш кесумен айналысты, ал қыздар киім (алжапқыш, юбка) тігіп, түрлі тағамдар пісірді. Бірнеше рет олар бізбен не істегендерін бөлісті. Мысалы, салат немесе көже, олар тіпті

ірімшіктен жасалған тәттілерімен де бөлісті.

«Балалар, мен бір-екі аптаға кетіп барамын, сол себепті сендерді басқа мұғалім өз қамқорлығына алады. Сендер Қазақстан Республикасы халықтарының бірлігі күніне арналған іс-шараны өздерің дайындауларың керек», – деді біздің сынып жетекшіміз.

«Тағы да біз бір нәрсе істеуіміз керек пе?» – деп барлық сынып бірге айтты.

«Жыл сайын мұндай жұмыс істейміз, сендер бұл туралы алғаш рет естігендей болып отырсыңдар. Жалпы, сендерге бір тағамды және би нөмірін дайындау керек. Мен іс-сапарда болғанда мені жоқтатпаңдар», деді мұғалім.

Сынып жетекшінің сөзіне құлақ асқандар көп болмады. Әрине, әркім өз ісімен шұғылданып отырды, бұл мереке ешкімге де қажет болмады. Міне, бірнеше күн қалғанда ғана барлығы ұйқыдан ояңғандай болды.

«Балалар бізге тағам мен би нөмірін дайындау керек!» – деді сынып старостасы.

Нәтижесінде қыздар палау пісіріп, би дайындады. Ұлдар қыздармен жұптасып би билейтін болды. Сонымен қатар ештеңе істегісі келмейтін ұлдардың тобы да бар еді, олардың арасында менің жақсы досым Кирилл болды.

«Ұлдар, мүмкін бізге дәмді палау жасауға көмектесесіңдер? Көп қол болса, соғұрлым тезірек аяқтаймыз», – деді сыныптастарымның бірі.

«Иә, сәбіз тазалауға көмектесейік», – деп мен оларға өз көмегімді ұсындым.

«Жоқ, біз үстелді апардық, ал ас әзірлеу – бұл қыздардың ісі!» – деді Кирилл достарымен.

«Тамақ пісіру қыздардың ғана жұмысы деп неге ойлайсың? Әкең үйде ешқашан тамақ пісірмеді деп айтқың келеді ме?» – деп сұрады Дана.

«Білмеймін, бірақ, меніңше, тамақ пісіру, жуу және жинау – бұның бәрін тек қыздар ғана істеу керек», – деп өзінің қарсылығын білдірді ол.

«Жақсы, жасамаңдар. Басқа балалар сендер үшін жұмыс жасағанша демала беріңдер онда», – деді Дана.

Бірнеше сағаттан кейін бәрі дайын болды. Біз барлығын уақытында дайындадық. Сынып жетекшіміз қайтып келгенде бізді мақтан тұтады.

Нәтижесінде сол ұлдар тобымен ешкім палауымен бөліспеді, өйткені олар көмектеспеді.



«Жынысына қарамастан жасалатын істер бар. Бұл жинау, жуу және тіпті тамақ пісіру болуы мүмкін. Сондықтан жаза ретінде біз сендерге ұзақ уақыт бойы дайындаған палаудың дәмін татуға бермейміз, өйткені сендер жай ғана демалдыңдар», – деді Дана.

Кириллға бұл жағдай керемет сабақ болды деп айта алмаймын, бірақ ол өзін басқаша ұстайтын болды. Енді одан көмек сұрағанда, ол «бұл еркектің ісі емес» деген сөздерді айтудан бас тартып, көмектесетін болды.

Ер жеткен сайын біз өзгереміз, өзіміз және қоршаған орта туралы ойымыз да, құндылықтар мен көзқарастарымыз да өзгереді. Біздің бойымызда әлеуметтік рөліміз бен міндеттеріміз туралы жаңа көзқарастар қалыптасады. Біз үшін әсіресе физиологиялық ерекшеліктерімізде, жеке пікірлерімізде, құндылықтарымызда, көзқарастарымызда, басқаларға және айналамыздағы адамдарға деген көзқарасымызда көрінетін біздің даралығымыз маңызды бола бастайды.

*Ер жетудегі осы маңызды құбылыстар өзінен-өзі пайда болмайды, ол бізді қоршаған ортамызбен, біз білетін ақпаратпен, әлеуметтік мінез-құлықтың үлгілерімен қалыптасады. **«Бұл еркектің ісі емес» әңгімесінде палау дайындаудан бас тартқан сыныптағы ұлдар – ер адамның мінез-құлқының әлеуметтік үлгісі туралы айтылады.***

Алайда өмірде кездесетін барлық мінез-құлық ерекшеліктері өзекті емес және сен, үшін және қабылдауың үшін қолайлы болып табылмайды. Сен үшін маңызды, одан әрі ұстануға болатын нәрселерді өзің таңдауға құқылысың. Біздің басты кейіпкеріміз сыныптастардың қарсыласуына қарамастан қарама-қарсы ұстамды таңдайды, өйткені ол өзі үшін маңызды және қолайлы.

Қазіргі кезде дүниежүзілік жаһанданудағы ерлер мен әйелдердің істері арасындағы қырлар жойылуда, қазір тек ерлер немесе әйелдер ғана айналыса алатын істер өте аз, әсіресе бұл кәсіптер мен әуестіктерде байқалады. Әркім өзі үшін өзіне ұнайтын немесе жақсы көретін істі таңдайды.

Осы уақытқа дейін тек әйелдерге тән болып саналатын кәсіптерде үлкен жетістіктерге ер адамдар да қол жеткізеді. Мысалы: аспаз, сәнгер, стилист және тіпті күтуші болудың өзі де. Әйелдер ерлердің кәсіптерін таңдап, өз саласының кәсіби маманы болды, біз үшін әйелдерді актриса, әскери маман және саяси қайраткер ретінде көру қалыпты жағдайға айналды.

Ал өзара қарым-қатынаста, әйелдер мен ерлер істерінде өзара қамқорлық жасау мен көмектесу ешқашан да ұят немесе жағымсыз деп саналмаған. Бұл фильмдерде, тарихта, өзара қарым-қатынастарда, тіпті сенің отбасыңда да көрінеді. Сондықтан да, әрине, ұстануға болатын мінез-құлықтың ерекшеліктерін өз бетіңше таңдауға, әрі соны ұстануға құқылысың.